

Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 тамыздағы № 244 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 09 қыркүйектегі № 4758 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 186 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 10.04.2018 № 186 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызметін Қазалы ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс XXXV сессиясының төрағасы,
аудандық мәслихат хатшысы*

КЕЛІСІЛДІ

*"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Салық комитеті
Қызылорда облысы бойынша
Салық департаментінің
Қазалы ауданы бойынша салық
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің
басшысы Ф.Қожабергенов
"28" тамыз 2014 ж*

Т. Бөріқұлақов

Қазалы аудандық мәслихатының
2014 жылғы 28 тамыздағы
кезектен тыс XXXV сессиясының
№ 244 шешіміне қосымша

Қызметін Қазалы ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары

№	Салық салу объектісінің атауы	Айына салық салу объектісінің бірлігіне ставкалардың мөлшерлері (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	2
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3
3	Ойын өткізу үшін пайданылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК